

Кейбір акционерлік қоғамдардың мәселелері

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1999 жылғы 4 наурыз N 27-ө

Қазақстан Республикасы Президентінің "Акционерлік қоғамдардың жекелеген мәселелері" туралы 1999 жылғы 18 ақпандағы N 8 қаулысын іске асыру, сондай-ақ кейбір акционерлік қоғамдарды басқаруға байланысты бірқатар мәселелерді реттеу мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті (А.М.Шоқпытов) заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) үш күндік мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне келісу үшін мемлекеттің 100 проценттік қатысуымен мына:

"Қазатомөнеркәсіп" ұлттық акционерлік компаниясы;

"Эйр Қазақстан";

"Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания";

"Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы";

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы;

"Қазтеңізкөлікфлот" ұлттық теңіз кеме жүзу компаниясы";

"НСБК-топ" ұлттық инвестициялық қаржы акционерлік компаниясы" акционерлік қоғамдарының директорлар кеңесін сайлау туралы қажетті шешімдер мен басқарма төрағаларының (президенттерінің) кандидатуралары бойынша ұсынымдардың жобасын енгізсін;

2) үш күндік мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне келісу үшін "ҚазТрансОйл" акционерлік қоғамына қатысты осындай шешімдердің жобаларын енгізсін;

3) жоғарыда көрсетілген акционерлік қоғамдардың директорлар кеңесін сайлағаннан кейін олардың мынадай рәсімдерді:

оларды сайлауды Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңына сәйкес келтіру мақсатында тиісті акционерлік қоғамдар басқармаларының төрағаларын (президенттерін) сайлауды (қайта сайлауды);

тиісті акционерлік қоғамдар басқармаларының төрағаларымен (президенттерімен) келісім-шарттар жасасуды жүргізуін қамтамасыз етсін;

3) мемлекеттің қатысу үлесі бар акционерлік қоғамдардың жарғыларына: жарғыларды Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңына сәйкес келтіру мақсатында өзгерістер; өз құзыретінің шегінде акционерлік қоғамдар басқармаларының

төрағаларымен (президенттерімен) міндетті келісім-шарттар жасасуды көздейтін толықтырулар енгізуді қамтамасыз етсін;

4) акционерлік қоғамдар басқармаларының төрағаларымен (президенттерімен) жасалатын Үлгі келісім-шарттың жобасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің келісуіне енгізісін;

5) осы өкімнен туындайтын өзге де шараларды қолдансын.

2. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне жүктелсін.

Премьер-Министр